

БӨЛІМ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Бөкейханов ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, қоғам қайраткері.ЖАРИЯЛАНДЫ
02.06.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/139829/>**Бөкейханов ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, қоғам қайраткері.**

Студент: Мәлік Алтынай

Жетекшісі: Альдибаева А.Б. аға оқытушы, тарих магистрі.

М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы Қазақстан тарихындағы болашаққа алтын көпір салған аса маңызды кезең болған еді. Бұл тікелей Ресей империясының отарлық саясатына қарсы батыл үн көтерген, оның езгісінен арылту үшін ең бірінші ұлттың санасын ояту, оны білім-ғылымға, адамзат қолы жеткен мәдениетке үгіттеген, соның негізінде тұтас халықты бір тудың астына біріктіруге ұмтылған Алаш ұлт-азаттық қозғалысымен байланысты болды. Өзінің саяси топ басшылары, қозғаушы күші мен алдына қойған мақсаты мен мұраты жағынан бұл қозғалыс қазақ тарихындағы ең маңыздысы әрі жоғары деңгейде ұйымдасқаны, өзінің күрес жолында тұңғыш ұлттық-демократиялық саяси партия мен қазақтың жаңа сипаттағы Алашорда үкіметін құру деңгейіне дейін көтеріле алғаны болатын. Өз мұратына түгелдей жете алмаса да, асқақ идеясы 70 жылдан кейін жүзеге асқан осы айрықша қоғамдық құбылыстың басында аса көрнекті саяси реформатор, ғұлама ғалым Әлихан Бөкейханов тұрды.

Әлихан Бөкейхан – қазақтың басын біріктіріп, ерікті ел болуын көксеп, сол мақсатқа жету жолына өз бойындағы бар қасиетін: ақыл-ойын, өнер-білімін, жігер-қайратын, бар саналы өмірін арнаған адам. Егер ол өзінің бас пайдасын ғана ойлап, патша заманында мансапқор болып, шен-шекпенге қызығып, ұлық болғысы келсе, өзі ақсүйек, хан әулеті

әрі оқымысты Әлихан Бөкейханға ол жол оңай еді. Бірақ Әлихан қара басының қамын ойлаған жоқ, туған халқының қамын ойлап, белін бекем байлап, ел үшін еңбек ету жолына түсті. Әлихан – қазақ тарихында демократиялы баламалы түрде сайланған Алаш Орда – «Ұлт кеңесінің тұңғыш төрағасы», «Хан баласында қазақтың хақы бар еді, тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» – деген асыл ердің тектілік, намысшыл, ұлтжандылық секілді қасиеттері әр қазаққа үлгі болуы тиіс! Ал оны үлгі ету үшін әр адамның санасына Әлиханның қандай намысшыл, ұлтын сүйген ұлы адам екенін жеткізу керек.

Әлихан Бөкейхановтың қайраткер ретінде қалыптасуының екі рухани негіздерін бөліп айту керек емес. Біріншіден, Әлихан еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған ортада өсті. Оның қоғамдық көзт қарасының қалыптасуына халықтың бай ауыз әдебиетінің, ұлы Абайдың және басқа ақын-жыраулардың терең ойлы шығармаларының ықпалы болағндығы сөзсіз. Оның 1907 жылы тұңғыш рет орыс оқырмандарын Абайдың творчествосымен таныстыруды көздеген материал жарылып, ал 1909 жылы ұлы ойшылдың шығармаларының Петерборда жарық көруіне мұрындық болып, өмірінің соңына дейін Қобыланды, Ерсайын, Қозы- Көреш- Баян Сұлу және басқа көп теген ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеп және насихаттап өтуін, әрине, кездейсоқ жағдай деп айту қиын. Екіншіден 20 ғасырдың басында озық ойлы Европа мәдениеті мен дәстүрінің ықпалынсыз Ә. Бөкейханов сияқты ірі қайраткердің қалыптасуы әрине мүмкін еместің. Оның өмір жолын айқындауда әсіресе Ұлы Француз революциясының және орыс азаттық қозғалысы мен гуманисттік әдебиетінің орны ерекше болды. Ә. Бөкейханов сол өткен ғасырдың 80 жылдары империяның шығыстағы ірі саяси орталықтарының бірі Омбы қаласында техникалық училищеде оқыды.

Сонымен бірінші орыс революциясынан кейінгі кезеңде қазақ оқығандарының алғашқы ізденіс нәтижесінде жасаған тұжырымы- қазақ қоғамын ортағасырлық мешеуліктен алып шығатын жол Россия арқылы жеткен дамудың батыстық нұсқасы, басқаша айтқанда, буржуазиялық қатынастарға жол ашу еді. 1910 жылы жарық көркен мақаласында Әлихан Бөкейханов ол туралы былай деп жазды: «Таяу болашақта далада қырғыз арасында қалыптасып келе жатқан екі саяси бағытқа сай екі саяси партия құрылуы ықтимал. Олардың бірі ұлттық – діни атанып, мақсаты қазақтарды басқа мұсылмандармен біріктіру болмақ. Екінші- батыстық бағытта алғашқысы үлгі ретінде мұсылман татар партияларына алса, соңғысы- орыс оппозициялық, мәселем,» халық еркіндігі «партиясын алуы мүмкін».

Әлихан Бөкейханов қазақ жұртын батыстын озық мәдениетімен үйренуге шақыруын бұдан кейінгі жылдарда да қойған емес. 1933 жылы марк сизм институтының қазақ филиалында өткен дискуссияда сөйлеген сөзінде С.Асфендияров бұл мәселеге қатысты мынадай естелік айтқан болатын: «Алашорда лидерлерінің» батысшылдығы, «түрікшілдігі» жөнінде де басын ашатын нәрсе баршылық. Менің есімде, 1912 жылы

күзінде Петербургтағы қазақ, татар, өзбек студенттері арасында Балқан соғысына байланысты Түркияна қолдаған үлкен қозғалыс болды. Болгар студенттері бізбен жұдырықтасудың сәл алдында тұрды. Сол кездері болып тұрған бас қосулардың бірінде Бөкейхановқа «біз түркияға барамыз» , « нағыз ұлжандалылықтың белгісі осы болмақ» сияқты ойларымызды айттық. Ол түркия құлағалы тұр, оған ешқандай да үміт артудың қажеті жоқ дегенді айтып, бізді батысқа бағыттады.

Әрине, бұл арада ешқандай талдаусыз жалпы Батысты меңзеумен шектелсе ағаттық болар еді. Егер Бөкейхановтың «қазақ» газетінде жариялаған публицистикалық мақалаларына зер салсақ, оның батыстың, Ресейдің, демократикалық дәстүріне жақын болғандығын ажарату қиынға соқпайды. Осы басылымда В.Г.Короленконың алпыс жылдық мерей тойына байланысты қазақ оқушысына жолдаған ашық хатында Әлихан Бөкейханов былай деп жазды: «балқан соғысы алғаш басталғанда болгар патшасы бұл соғысты креспен ай соғысы қылмақ болды, осы ант ұрған сөзді орыстың, болгардың талай газетасы көтеріп алып кетіп, соғыс хайуандығы осылайша паналамақ болды. Сонда Короленко хат жазды, «Крест һәм жарты ай» деп. Бұл хаттың әдемілігі менің жаман қаламыма сыймайды. Қысқа сөз мынау: қай соғыс болса да хайуандық, креспін деп түрік қаласын алғанын, қатын, бала, кемпір, шалды өлтіріп отырғани жоқ па ? Бұл хайуандық емес пе? Болгарға, түрікке қай патшаның қол астына болса бақытты болғаы керек. Соғысты қылып отырған жұртты бастап жүрген атн ұрғандардың не керегі бар?Түрік те, болгарда ағайын, дос болатын адам баласы емес пе ?

Германия жұмысшы қозғалысының көрнекті өкілі А. Бебальдің қаза болуына байланысты жариялаған мақаласында да Әлихан Бөкейханов қазақ оқушысын қайраткелер бұқара ісі үшін күресімен, неміс жұртының демократиялық дәстүрімен таныстырып, мақаласын қазақ жұртына Бебельді үлгі етумен аяқтайды. Оның түсінігі бойынша халықпен халықты жақындастарытан көпір- демократикалық мәдениет, дәстүр. Белгілі ғалым Г.Н.Потаниннің өмір жолы, ұстанған бағдарымен таныстыруды көздеген мақаласында қазаққа өнер-білім басқа жұртпен бірге теңдікке жету үшін керек екендігін айтып, былай деп жазды: «қазақты автономия қылсақ, Қараөткел Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұлын, қызын оқытсақ, «Қозы Көрпеш- Баян Сұлуды» шығарған, Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екендігін Европа білер еді – ау» дейтін Г.Н.

Қоғамдық күрес жолына түскен жас қазақ интелегенциясын алдына көлденең тартылған өзекті жайлардың бірі-ел тағдырына қатысты дер мәселесі еді. Бұл мәселе оның азаматтық санасына қозғау салды, үлкен сын болды. ХХ ғасырдың алғашқы он жылдығында қабылданған столыпиндік заңдардың артын ала Қазақстанға ішкі Россиядан жерсіз шарулардың топ- тобымен ағылуы өлкеде жер мәселесін асқындырып жіберген еді. Бұл ретте қазақ шаруаларына әсіресе ауыр тиген 1909 жылы 9 маусымды Министрлер Советі бекіткен Ақмола, Семей, Торғай және Орал облыстарындағы

мемлекеттік жер қорын анықтау туралы нұсқау мен Түркістен өлкесін басқару туралы ереженің екі жүз жетпісінші- статицсына қосымша заң болды. Крепостиктік сипаттар жазылған бұл екі документ іс жүзінде қазақ жерін переселен басқармасының еркіне берді. Бұл документтер бекітіле салысымен переселен мекемелер қазақ жерлерін тезірек әрі кең көлемде өз қарамағына алу мақсатында қазақ шаруаларына да орыс қоныстанушылары сияқты 15 десятина жер үлесін алып, отырықшылыққа көшу науқанын ашты және бұл процесс қайсы бір аудандарда қорқыту- үркіту шараларымен қатар жүрді. Міне, осындай жағыдайда отаршыл апараттың зорлығын, жасап отырған айласын жан-жақты сынап , әшекерлеп, сол арқылы халықтың көзін ашып, оған бұл көкейтесті мәселені өз дәрежесінде түсінуге көмектесе алатын ғылыми, публицистикалық мақалалар аса қажет болды. Бұл міндетті империяның саяси құрылысымен жақсы таныс, жер қатынастары мәселесін терең меңгерген адам ғана жүзеге асыра алатын еді.

Айқап және «қазақ» басылымдары бұл мәселені ұлттық ауқымға көтеріп, пікір саысқа айналдырды. Халық тарихында баспа сөз жүзінде тұңғыш жүрген бұл айтыс барысында авторлар екі баламалы пікірге бөлініп кетті. Бірі (оны жақтаушылар- Б.Қаратайев, М.Сералин, Ж.Сейдалин және басқалар) ішкі Россиядан шарулардың жаппай көшіп келіп қоныстану жағыдайында отырықшы нормамен болса да, егіншілікке қолайлы жерден үлес алып, отырықшылыққа көшуді қолдады. Бұл пікірдегілер жұртқа басшылық жасап, отырықшы нормамен жер үлесін алып қоныстанды. Оларға ерген оқыған жастар қазақ отырықшылыққа көшсе, оың арасында өнер- білім тарауға жағдай туады деп түсінді.

Екінші пікірдегілер (Әлихан Бөкейханов, А. Байтұрсынов және басқалар) көшпелі шарушылыққа үйренген қазақ отырықшы нормамен үлес алып, көндігіп кете алмайды, мұндай норма тек жері құнарлы, бұрыннан егіншілік мәдениетін игерген ауылдарға ғана келеді, ал оны шығарған үкімен орындарының түпкі мақсаты еппен, айламен қазақ жерін көбірек алу және қазақтардың өз ризашылығымен алдық деген пікір туғызу деп түсіндірді.

Мәселенің егжей- тегжейін хаыққа түсіндіруге көп күш салған « Қазақ» газеті бетінде бұл тақырып бойынша дәлелді, терең ғылыми, публицистикалық мақалалар жариялаған Әлихан Бөкейханов болды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі .

1. Бөкейханов Ә. Шығармалар-Алматы1994 .
2. Қойгелдиев М. Алаштың Әлиханы-Алматы. 1994 .

3. Ж. Қасымбаев Қазақстан тарихы . Алматы «мектеп» баспасы 2004 .
4. М. Қ. Қозыбаев ол кім ? бұл не ? энциклопедиясы Том 1 Алматы 1991 .
5. Мақыпұлы С. Қазақ әдебиеті . Алматы «мектеп» баспасы , 2004.
6. Тоғысбаев Б, Сужакова А. Тарихи тұлғалар. Алматы «Алматы кітап» 2006
7. Мырзатай Жолдасбекұлы. Елтұтқа Астана «Kul Tegin» баспасы 2001
8. Мәмбет Қойгелдиев. Ұлттық саяси элита. «Жалын баспасы» Алматы 2004
9. Тасмағанбетов И.Н. Қазақ әдебиеті энциклопедиясы

«Аруна баспасы» Алматы 2005

10. Әбдімәлік Нысанбай Қазақстан ұлттық

энциклопедиясы «Қазақ энциклопедиясы» II том.

Алматы 1999

11. М.Байдолда Қазақстан тарихы 5-11 сыныптар «Арман-ПВ» 2005
12. Сабыров С Қазақстан тарихы «Ғылым» Алматы 2002
13. Қазақстан тарихы V-том «Атамұра баспасы» Алматы 2002
14. Қуатов Б. Отанымыздың тарихы туралы саяси әңгіме «Білім баспасы» Алматы 1993
15. Аяғанов Б, Нүрпейісов К, Жақсылықов Қ. Қазақстан тарихы «Мектеп» Алматы 2002

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.